

## ТАПСЫРМАЛАР:

№1

Компанияның мәліметтері берілген:

- **Меншікті капитал:** 5 000 000 теңге
- **Қарыз капиталы:** 3 000 000 теңге

**Тапсырма:**

- Компанияның меншікті және қарыз капиталының қатынасын (D/E) есептеңіз.
- Осы капитал құрылымы компанияның қаржылық тәуекеліне қалай әсер ететінін қысқаша талдаңыз.

№ 2

Компанияның келесі мәліметтері бар:

- **Меншікті капиталдың құны:** 12%
- **Қарыз капиталының құны:** 8%
- **Меншікті капиталдың үлесі:** 60%
- **Қарыз капиталының үлесі:** 40%
- **Корпоративтік салық мөлшерлемесі:** 20%

**Тапсырма:**

- Капиталдың орташа өлшенген құнын (WACC) есептеңіз.
- Қарыз капиталының үлесін 50%-ға дейін арттырған жағдайда WACC қалай өзгеретінін анықтаңыз.

№3

Жобаға бастапқы инвестиция – 1 000 000 теңге. Келесі 5 жылда жыл сайынғы ақша ағындары 300 000 теңгеден болады. Дисконттау мөлшерлемесі – 10%.

**Тапсырма:**

- Жобаның таза ағымдағы құнын (NPV) есептеңіз.
- Жобаның ішкі табыстылық нормасын (IRR) анықтаңыз (есептеу дәлдігіне байланысты жуық мәнін қабылдауға болады).
- Жобаны қабылдау жөнінде шешім қабылдаңыз және өз шешіміңізді негіздеңіз.

№4

Екі жобаның мәліметтері берілген:

- **Жоба А:**
  - Бастапқы инвестиция: 500 000 теңге
  - Жыл сайынғы ақша ағындары: 150 000 теңге
  - Өмір сүру мерзімі: 5 жыл
- **Жоба В:**
  - Бастапқы инвестиция: 500 000 теңге
  - Жыл сайынғы ақша ағындары: 100 000 теңге
  - Өмір сүру мерзімі: 8 жыл

**Тапсырма:**

- Әр жобаның өтелу мерзімін (PP) есептеңіз.
- Дисконтталған өтелу мерзімін (DPP) 10% дисконттау мөлшерлемесімен есептеңіз.
- Қай жоба тезірек өтелетінін анықтаңыз және себебін түсіндіріңіз.

№5

Компанияның қызметі келесі факторларға тәуелді:

- Валюта бағамдарының ауытқуы
- Жеткізушілердің кешігуі

- Нарықтағы бәсекелестердің көбеюі
- Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі

**Тапсырма:**

- Әр тәуекелді сәйкес тәуекел түріне жатқызыңыз (қаржылық, нарықтық, операциялық, стратегиялық).
- Әр тәуекелді басқару үшін қандай шаралар қолдануға болатынын қысқаша ұсыныңыз.

**№6**

Компанияның экспорттық табысы жылына 1 000 000 долларды құрайды. Қазіргі валюта бағамы 1 доллар = 420 теңге. Валюта бағамы 10%-ға төмендесе (1 доллар = 378 теңге), компанияның теңгемен есептегендегі табысы қалай өзгертінін есептеңіз.

**№7**

Компанияның қаржылық көрсеткіштері:

- Акция бағасы: 2000 теңге
- Бір акцияға шаққандағы пайда (EPS): 250 теңге
- Бір акцияға шаққандағы баланстық құн (BVPS): 1800 теңге
- Бір акцияға шаққандағы сатылым (SPS): 5000 теңге

**Тапсырма:**

- P/E мультипликаторын есептеңіз.
- P/B мультипликаторын есептеңіз.
- P/S мультипликаторын есептеңіз.
- Алынған нәтижелерді талдаңыз: компанияның нарықтық бағалануы туралы не айтуға болады?

**№8**

Екі компанияның мәліметтері:

- **Компания А:**
  - P/E: 10
  - P/B: 1.2
  - P/S: 0.8
- **Компания В:**
  - P/E: 15
  - P/B: 2.5
  - P/S: 1.5

**Тапсырма:**

- Қай компанияның акциялары инвестициялауға тартымдырақ деп ойлайсыз?
- Өз таңдауыңызды мультипликаторлар негізінде түсіндіріңіз.